



# АЙҚЫН

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

## «ОВ», «ЕВ»-сіз өткен жиын

Астана мектебі ұлттық үлгіде төлқұжат алудың үлгісін көрсетті

Батырболат АЙТБОЛАТУЛЫ

Сәуірді Астанадағы Әлкей Марғұлан атындағы №40 қазақ орта мектебінің ұжымы тәлімді де жағымды жаңалықпен қарсы алды. Айдың алғашқы күнінде үшбу білім ұясында Астана қаласы әкімдігінің Тілдерді дамыту басқармасы және «Зерде» инновациялық орталығының ұйымдастыруымен мектеп қызметкерлеріне қазақ тілінде толтырылған жаңа жеке бас куәліктерін тапсыру рәсімі өтті. Әңгіме құжаттардың қазақша толтырылуында ғана емес. 30-ға тарта мұғалімнің аты-жөн үлгісі де Қазақстан Республикасы Президентінің «Ұлты қазақ азаматтардың тегі мен атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы» 1996 жылғы 2 сәуірдегі №2923

Жарлығына сай тегіс қазақи қалыпта, орыстың «ов», «ова» жұрнақтарыңыз көпшілік деңгейінде бірінші рет ресімделіп отыр.

Рас, мұның да соншалық сүйінші сұрарлық іс емес, қалыпты, онсыз да солай болуы керек нәрсе екенін білгенмен, қоғамымыздың құлдық санамен шырмалған бейшаралығы бұған өлгеніміз тірілгендей қуануға мәжбүр етсе, не шара?! Жарайды, өткенге — салауат. Ал дәл қазіргі ахуалда мұны қалай болғанда да үлгі етерлік іс дегіміз келеді. Сондықтан Астана қаласы Тілдерді дамыту басқармасының бастығы Оразкүл Асанғазықызының ақ жарыла білдірген қуанышын түсіндік. Өзіміз де риясыз қуанғанымыз өтірік емес. Өйткені ұлттық намыс төнірегінде ұсақ-түйек мәселе болмаса керек.

(Жалғасы 6-бетте)



### МІНБЕР

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының төрағасы:

## Ұлттық мүдде мұраты

(Президент Жолдауы туралы ой-толғау)

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев биылғы дәстүрлі халыққа Жолдауын барша еліміз үшін сындарлы, күрделі кезеңде жариялады. Өйткені қазір бүкіләлемдік қауымдастық терең қаржы, экономикалық, тіпті кей аймақтарда азық-түлік дағдарысын бастан кешуде. Қазақтың әйгілі ақыны, дана философы Шәкәрім қажының ізімен «Бұл ән бұрынғы әннен өзгеше» десек, Елбасының биылғы Жолдауын қоғамның барлық мүшелері, бүкіл Қазақстан халқы іштей толғаныспен өзгеше ахуалда тосты. Алайда әдеттегідей, Президент Н.Назарбаев мемлекет тізгінін қолына сенімді де берік ұстап келе жатқан кемеңгер басы, қарымды жетекші, дүниежүзілік деңгейдегі көреген саясаткер екенін тағы бір жарқырата көрсетті.

(Жалғасы 3-бетте)



### ДАБЫЛ!

## Кене қаупі күшейіп келеді

Жолдасбек ДУАНАБАЙ

Сонғы жылдары Қырым-Конго геморрагиялық қызбасы вирусын жұқтырған кенелердің таралу аймағының ұлғаюы мамандарды қатты толғандырып отыр. Мысалы, Қызылорда облысының Арал ауданындағы елді мекендерде жиналған кенелерде ККГВ вирусына қарсы тектер

анықталған. Ол кенелердің таралу аймағының солтүстікке қарай ауысуын дәлелдейді. Ал соңғы бес жылда аталған вирус бойынша эпидемиологиялық ахуал Оңтүстік Қазақстан облысының он ауданында күрделене түскен. Көршілес Жамбыл облысында кенелерден келетін кесепат 4 пайызды құрайды. Бұл — еліміздің басқа аймақтарына қарағанда анағұрлым жоғары көрсеткіш. Сонымен қатар кенеден зардап шеккендер қатары да өскен. Мұн-

Бастама

Отандық өндірісшілерді қолдау — «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының шаңырақ көтергенінен бергі қызметіндегі негізгі бағыттардың бірі. Бұл мәселе партия жетекшісі және Мемлекетіміздің басшысы Н.Ә.Назарбаевтың ерекше назарында. Әлемдік экономикалық дағдарыс жағдайында оларды қолдау бұрынғыдан да ерекше маңызға ие болары сөзсіз.

## «Қазақстанда жасалған» акциясы



Жергілікті өндірісшілер әлеуетін толығымен пайдалану, олардың өндіріс көлемін ұлғайтуына жағдай туғызу, бәсекеге қабілетті өнім шығару, ақыр аяғында жаңа өндіріс орындарының өмірге келуін ынталандыру мақсатында «Нұр Медиа» холдингі 2009 жылдың 1 сәуірінен 1 желтоқсанына дейінгі аралықта «Қазақстанда жасалған» ұранымен арнайы акция өткізеді.

Отандық тауарларды ішкі және әлемдік рынокқа шығарушыларды қолдау үшін холдинг құрамына енетін «Дала мен қала», «Стра-

на и мир», «Айқын», «Литер», «Түркістан», «Нұр Астана», «Қазақстан теміржолшысы», «Известия Казахстана», сондай-ақ Астана телеарнасы, «NS» және «Іскерлер толқыны» радиостансасы секілді газеттер беттері мен электронды бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарнамаларға айтарлықтай жеңілдік жасайды.

Өздеріңізді қызықтырған барлық сұрақтар бойынша төмендегі телефон арқылы мәлімет алуға болады: (87172) 97-76-67 және (8727) 315-02-02.

### СҮМДЫҚ-АЙ!

## Денсаулық сақтау саласының былықтары ашылып жатыр

Экономикалық және жемқорлық қылмысқа қарсы күрес агенттігінің қызметкерлері Астана қалалық Денсаулық

саласының тізгінін ұстаған шенеуніктің қылмысты қаракеттерінің кесірінен мемлекетке 10,2 миллион тенге шығын кел-

Астана қалалық Қаржы полициясы департаменті бастығының орынбасары Д.Айтжанов дүниекоңыздықпен дертте-

«Ол тендерге деп 100 миллион тенге берген де, №1 қалалық аурухананың бас дәрігерін өзі таңдаған нақты фирмамен келісімшартқа отыруға мәжбүрлеген. Онкологиялық ауруханаға қатысты да солай болған, олардан да бөлінген 100 миллион тенгенің нақты бір компанияға аударуын

ТҰСАУКЕСЕР

Қазақ театрының қорғаушысы

«Біздікі бүгінгі емес, ертеңгі қамы» депті алаш арысы Ахмет Байтұрсынұв. Сол айтпақшы, кешегі мен бүгінгі ертең үшін түгендеп, жиып-теріп жүретін бір шежіре-адам бар. Ол – Өшірбек Сығай.

Сәуле ӘБЕДИНОВА



Кеше Ұлттық кітапханада Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік және тәуелсіз «Платиналы Тарлан» сыйлықтарының иегері, профессор Өшірбек Төребайұлы Сығайдың екі томдық «Ақтер өлемі», «Сахна өлемі», «Ой төрінде – театр» және «Әп – тағдыр» атты жана еңбектерінің тұсаукесері өтті.

Бұл жиын аясында Ұлттық кітапхана қорындағы материалдардан «Сынан сыр түйген шебер» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Осы іс-шара қарсаңында Ұлттық кітапхана Ө.Сығайдың өмірі мен шығармашылығы туралы библиографиялық көрсеткіш дайындап шығарды.

Көрсеткіште кітапхана қорындағы 1968-2009 жылдар аралығындағы автор есімімен байланысты 600-ге жуық әдебиеттер тізімі қамтылған.

Ұлттық мүдде мұраты

(Президент жолдауы туралы ой-толғау)

(Басы 1-бетте)

Жолдау жайында ой айтудың алдында Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың жақында «Российская газетада» жарияланған, отандық және шетелдік оқырмандардың ынтасын туғызып ғылыми, саяси орталарда үлкен қоғамдық серпіліс өкелген «Дағдарыс кілті» макаласына арнайы тоқталуды жөн санаймын.

Біздің президент әлемдік көшбасшылар арасынан ең бірінші болып халықаралық қаржы жүйесі түбірі өзгеріске мұқтаж екенін ашық мәлімдеді. Нұрсұлтан Әбішұлы ірі форумдардың, соның ішінде «Үлкен жиырмалықтың» күн тәртібіне жана резервті валютаға өту мәселесін коюды ұсынды. Мұның өзі Лондонда өтетін саммитке әлі екі ай уақыт бар кезде айтылды. Қазақстан басшысының идеясы бір сөз көпшіліктің төбесіне жай түсіргендей әсер қалдырды, олай дейтінмін айдаң астам уақыт бойы дүниежүзілік қоғамдастықта үнсіздік орнай қалды. Ал, артынша бөрі күрт өзгеріп сала берді...

Ресей баспасөзінде президент Д. Медведевтің Лондонға апаруға жатқан ұсыныстарының ішінде – долларды жана валютамен, бөлкім, Халықаралық Валюта Қорында қабылданған Арнайы несие алу құқығына алмастыру туралы ұсыныс бар екені жайында ақпарат пайда болды. Аталған Қордың басқарушы-директоры Д.Стросс-Каннинг өзі бұл идеяны назарға алуға тұрарлық деп қалды. Ал Еуроодақтың Төрағасы бәрінен де асып түсті, ол, тіпті, Америка өкілшілігінің қаржы-экономикалық саясатын «тозатқа апаратын жол» деп төтесінен тартты.

Қытайдың Орталық банкі басқарушысының жана резервті валюта енгізуі ойлайтын кез жетті деген мәлімдемесі бүкіл әлемді дүр сілкіндірі. Демек, Н.Назарбаевтың ұсынысына әлемдік экономикада екінің орнына иек артып отырған Аспан асты елінің өзі құлақ турған сынайы бар. Айта кетерлігі, тап осы Қытай мемлекеті Американың құнды қағаздарына 1 триллион доллар салып, президент Б.Обаманың қаржы саясатының табысына келіп отыр емес пе. Ақшаны тоқтаусыз басшы шығару жана облигацияларды шығаруға алып келді, ал олардың тағдыры Қытай жағынан сұраныс болу-болмауына байланысты. Қытайлықтарға: «Біз бір көште келеміз», – деп мойындауға мәжбүр болған Мемлекеттік хатшы Х.Клинтон, «Біз өзара байланыстымыз» деп тағы да ағынан жарылды. Осылайша Қытаймен өзара дипломатиялық қатынастарының тарихында тұңғыш рет АҚШ екі ел арасындағы теңдесуі мойындалды. Расында, бұл жаһандық саясаттағы түбегейлі бетбұрыс. Олай болса, «Үлкен жиырмалық» саммиті айналды келгенде екі державаның – АҚШ пен Қытайдың келіссөздеріне айналды деген болжамды жокқа шығаруға болмас. Социалистік елге жататын Қытай өзінің әлем бойынша ең ірі – 2 триллион доллар алтын-валюта қорына тимей-ақ, Лондон кездесуіне мықты лайындықпен келіп отыр. Бұл жағынан оның шоқтығы бөрінен биік көрінеді.

Доллар жөнінде ең алғаш Астанада айтылған күмән Мәскеу мен Пекинде қолдау тапқаны президент Б.Обаманы да бейжай қалдырмады. Ол дереу мәлімдеме жасап, әлемдегі ең мықты экономика ретінде Америка экономикасына инвесторлар сенімін әлі де берік екенін, сондай-ақ АҚШ-тың саяси жүйесінің тұрақтылығын жариялады, сондықтан долларды басқа бір валютамен алмастырудың қажеттігі жоқ. Ашығын айтқанда, онымен келіспеу қиын. Кейбір саясатшылардың айтқанына қарап, Американың күні қарап, тіпті бірнеше мемлекеттерге ыдырап құлайды дегенге илануға болмас. Шынына келгенде, Америка экономикасы мен демократиясының тамыры өте берік. Жаһандық дағдарысты еңсеру айналыс жеткенде Америка экономикасының табысына тәуелді.

Алайда, әлемдік тәртіптің өзгеруі үлесті басталып кеткені даусыз. Осы сөтті Президент Н.Назарбаев жіті аңғарып, Президент жолдауындағы өзгерісін білдіретін қаржы-экономикалық дағдарыс одан көп уақыт бұрын әлемдік қонжықтану арқылы еңсеріліп қалып қалған болса, қол жеткендермен шектеліп тұрып қалмауды ескерткен Н.Назарбаевтың болжамының дұрыстығын көрсетті. Ал билік пен бизнес өкілдері бұл сың-



мемлекет басшыларын және әлемдік қаржы институттары жетекшілерін біздің болашақ ұрпақтар қандай әлемде өмір сүруі қажеттігін ойлануға шақырды.

Қазақстан басшысының дағдарысқа қарсы бағдарламаны талқылау үшін БҰҰ аясында халықаралық конференция өткізу ұсынысы Бас хатшы Пан Ги Мун тарапынан қолдау тапты. Бедделі сарапшы, Нобель сыйлығының лауреаты Р.Манделл Н.Назарбаев тұжырымдамасынан терең мән тауып, қазіргі әлемдік тәртіптің ескірген қағидаларынан арлуы идеясын қызу қолдады.

Қазақстан Президентінің капитализмді келешек тағдыры туралы ғаламдық ойға қосқан зияткерлік үлесі барынша айқын. Ол әлемдік саясаткерлер арасынан бірінші болып бұл тақырыпты кең ауқымда және ашық талқылауға ұсыныс жасады. Өмірлік тәжірибесі мен көрегендігі турғысынан Н.Назарбаев өрдайым заман сынақтарын лайықты жауап бере алатын айгіл реформатор ретінде уақыттан озық жүретінін тағы да дәлелдеді.

Жоғарыда айтқандай, мен барлық отандастарыммен бірге Мемлекет басшысының кезекті Жолдауын үлкен үміт-тебіреніспен күттім. Өйткені, барша қазақстандықтардың алдағы кезеңге олауқаты бұл манғзылы құжатта қандай міндеттер қойылатынына тікелей байланысты гой. Расында Жолдауда үлкен менішті, студенттен бастап зейнеткерлерге дейін қоғамның барлық әлеуметтік топтарының мүддесін қозғап, жұртшылықты ойландыратын, кейбір алаңдататын жайттардың барлығына анық, түсінікті өрі түбегейлі жауаптар берілді. Елбасы мемлекет пен оның тұрғындарының баысынан кешіп отырған қиыншылықтарды жасырмай ортаға салды. Дүниежүзілік қоғамдастықтың ажырама бөлшегіне айналған біздің елімізді сырттан келген дағдарыстың айналып өтпегені түсінікті. Президент дағдарыстың көздері қазіргі уақытта терең құлдырауға ұшыраған ғаламдық экономиканың сәйкессіздігінде жатқанын жариялады. Оған шығуға қазірдің өзінде әлемдік ЖІӨ-нің 15 пайызы немесе 10 триллион доллар жұмсалды. Қалыптасқан жағдайға жан-жақты қарағанда, ол ұзаққа созылады. Алайда осынау жаһандық дағдарыстан кейін әлемдік қаржы жүйесі, тіпті мемлекеттерді саяси басқару жүйесінің өзі өзгеріске түсеріне сенімділігін білдірген Нұрсұлтан Әбішұлы дағдарыстан шығуын нақты жолдарын ұсынды. Қиындықтарға дайын екенімізді, оларды еңсеріп қана қоймай, бұдан әдекайда күшті және өркенді мемлекет болып шығатынымызды ашық мәлімдеді. Халықтың күткеніндей, Жолдаудың ең өзекті, түйінді мәні де осында.

Біздің елімізге 2007 жылдың күзінде өсер еткен қаржы-экономикалық дағдарыс одан көп уақыт бұрын әлемдік қонжықтану арқылы еңсеріліп қалып қалған болса, қол жеткендермен шектеліп тұрып қалмауды ескерткен Н.Назарбаевтың болжамының дұрыстығын көрсетті. Ал билік пен бизнес өкілдері бұл сың-

тағайындалуы өте маңызды қалам болды. Осындай жауапты кезеңде «Нұр Отан» саяси партиясы өзіне сенім білдіріп дауыс берген миллиондаған сайлаушылардың үмітін ақтай отырып, үкіметпен және жергілікті органдармен бірлесіп, адамдардың нақты проблемаларын шешуді, дағдарысқа қарсы шараларды түбегейлі іске асыруды, осы мақсаттарға бөлінген бюджеттік қаражаттың тиімді жұмсалыуын айрықша бақылауға алуы тиіс.

Дағдарыс кезіндегі ең бір күрделі мәселе – жұмыссыздықтың күрт өсуі болса, оның алдын алу үшін кем дегенде 350 мыңнан астам қосымша жұмыс орны ашылым. Сонымен қатар, қайта даярлау арқылы мыңдаған адамдар қоғамдық жұмысқа тартылатын болады. Екіншіден, жергілікті жолдарды салу мен жөндеу, инфрақұрылымды, ең алдымен мектептер мен ауруханаларды жанарту көптеген әлеуметтік мәселелерді бірге шешуге қолайлы мүмкіндік береді. Бұған дейін құрылыс басталған мектептер, ауруханалар салынып бітеді. Мемлекет басшысы, ең алдымен, адамдардың күнделікті өміріне қажетті әлеуметтік нысандарды салу үшін магистральді және теміржол құрылыстарын тоқтата тұруға тура келгенін баяндады. Осылайша тұлғамызды бекіте түсеміз. Алайда өмір осымен бір орнында тоқтап қалмайтынын айтқан Президент Н.Назарбаев мемлекетіміздің болашағы экономиканың жаңғыртылуы мен базальк инфрақұрылымның дамуына байланысты деп мәлімдеді. Сондықтан қазіргі қиындықтарға қарамастан Атырау мұнай-химия кешені, Мойнак ГЭС-і, Екібастұй 1-ГРЭС-і, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автожолы сияқты ірі жобалардың құрылысы тоқтатылмайды.

Мұның өзі Елбасының оған сенім артқан еліміздің қандай қиындықтарды болсын жеңіп, жасампаздықпен алға баса беретінін күмәнсіз айғақтайды. Ал қиындық атаулыны жеңетін бір-ақ қыс бар, ол – бірлік деп мәлімдеді Президент. Дағдарыстар қайталанатын, бірақ біздің мақсатымыз – оны басқаруды үйрену. Өзгеріс бұл біздің қолымыздан келіп отыр. Ең бастысы адамдардың бір-біріне сенімділігі, жеке белсенділік, төзімділік пен патриотизм. Отанға деген сүйіспеншілік сынды қасиетті ұғымдарды қастерлеп нығайта беру маңызды. Бүгінгідей қиын-қыстау кезеңде туған халқымын ынтымақ пен ауызбіршілік танытатын сенемін деп ағынан жарылған Елбасы өзге отандас ағайындарға ұйытқы болынып, өрдайым келіп пен келменгерлік, сабырлық пен іскерлік көрсетіңіздер деген өтініш-тілегін де білдірді.

Расында да, жоғарта табиғат Н.Назарбаевқа зор қабілет, адамдардың көңілуін бағалап, баурай алатын айрықша қасиет сыйлап, оған мол ықылас танытты. Бұл сияқты іскер кездесетін қасиет, өріне, өркімге бұйыра бермейді: оны табиғат береді, алайда өзін өрдайым қайрап, алға ұмтылуында да маңызды аса зор. Нұрсұлтан Әбішұлы қазіргі заманның ең талантты реформаторлар қатарынан ойып орын алып, тарихи қысқа мерзім ішінде жана мемлекет орнатты. Ел үшін ең қиын жылдардың өзінде ол таңдап алған бағытынан айнамай, адамдарға сабыр мен сенімділік күшін дарыта білді; әлемдік мемлекеттер қауымдастығының алып мұхитында асау толқындарға қарамастан Қазақстан қамесінің тізгінін сенімді ұстап келе жатқан сарабал басшы. Ол дүниежүзілік тәжірибені зерттеп шебер қолданса да, ең алдымен, өз бағытын, өз жолын таңдап алды. Бұл бағыттың адастырмайтын асқаралы нұрлы жол екендігі еш күмән туғызбайды.

Президент Жолдауының ең басты өзегі, мәні неде десек, біздің бөрімізге, ең алдымен, билік басында отырғандарға табанды, адал және беріле жұмыс істеуіміз қажет дер едім. Мемлекеттік іске және ұлттық мүдделерімізге қатысы жоқтық бәрінен арлыу керек. Президент Н.Назарбаевтың орасан бедделі арқасында орнаған халықтың сенімі бекем.

БӘРЕКЕЛДІ! Төрт тілді тегін оқытып жатыр

Түркістан қаласындағы Қ.А.Иассауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің президенті, техника ғылымдарының докторы Лесбек Төшімбетовтің ұйытқы болуымен тілдерді оқыту орталығы ашылып, онда бір мезгілде жүздеген адам қазақ, түрік, орыс, ағылшын тілдерін тегін оқып жатыр.

Қуандық ОРАЗБЕКҰЛЫ

Оңтүстік Қазақстан облысы

Мәселе мынада – бұл оқу орнының көптеген студенттері Түркістанда білім алу барысында, оқу орнын тәмамдаған соң Түркиядағы белгілі университеттерге барып, білім алуды одан әрі жалғастыру мүмкіндігіне ие болады, тағлымдамадан, тәжірибеден өтпелі, көсіпке машықтанады. Ол жақта дәрістер ағылшын, түрік тілдерінде жүргізілетіні белгілі. Мұнан тыс, Түркістанға Қытай, Монғолия, Түркиядан білім алу мақсатында келіп жатқан студенттер қазақ тілін білуге тиісті, сонымен бірге ұлтаралық қатынас тілі ретінде орыс тілін де білгендері олжа.

ЖАНАЗЫҚ

Жүрегін ғазал тербеген...

Жақында «Жазушы» баспасынан Бүкілтүркі дүниесі ақындары фестивалінің лауреаты, белгілі ақын Болат ШАРАХЫМБАЙДЫҒЫ «Қазығұрт ғазалдары» атты жаңа жыр жинағы жарық көрді. «Көркем әдебиет. Поэзия» сериясы бойынша дүниеге келген кітапқа ақынның бірыңғай лирикалық өлеңдері топтастырылды.

Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ

Болат ақынды қазіргі қазақ лирикалық поэзиясының талантты өкілі деуге болады. Өйткені оның әр сөзінің астарында мәдіреп мүн тұрады. Мұның поэзия – құрғақ сөздердің құдібадан тізбегі ғана болып қалатынын ескерсек, ақын лирикаларынан жүректің қуанышы мен жұбатының, күйініші мен сүйінішін, күрсінісі мен күйзелісін, мұны мен сырын, бір сөзбен айтқанда қазіргі қоғамда болып жатқан өзгерістер мен іс-әрекеттерге неміқұрайлы қарап алмайтын адамның бүкпелісі ақтарылған жан айқайын көреміз. Неге екенін, Болаттың өлеңдерін оқи бастасам болды, кеудемдегі жүдырықтай жүрегім тарқапты бұзып-жарып шығардай шыршық ата жөнелді. Сонсоң өлденеге ансары ауған, өлденеге асыққан, өлденеге ентіккен, өлденеге үздіккен ақтангердей аттын алқынған арса-арса шабысы еске түседі. Неге бұлай?.. Өйткені, оның өзгелер ұнатқанды ұнатпай, өзгелер ұнатпағанды ұнаттып, ылғи да шөлкем шалыс мінез көрсетіп жүретіндігін болу керек. Өлдендерінде де осы бір қайсы-біреулер үшін түсініксіздеу кертартпа мінезі мен мұңдалап тұрады. Сондықтан да болар ол ашылып сыр ақтара бермейтін, барынша бұйығы, жұмбақ жан.



Өз азаматымен өзі күресіп, өз ақиқатын өз ішіне өлтіріп жүрген қызық ақын! Қызық ақын демеуші, өзгені өзінен сіз деп табуын ешқандай қиындығы жоқ секілді көрінуі мүмкін, ал өзіндік өзгенде іздеу, өзінді өзгенде табу... кез-келген көп өлеңшілердің қолынан келе бермесі анық. Ол жаны таза, жаратылысында жалғандығы жоқ, рухы сұлу шайырлардың ғана қолынан келетін шаруа деп ойлаймын. Осы тұрғыдан келгенде Алла Тағала Болатты о баста ақын етіп жаратқанға ұқсайды, ендіше оны біз қашанда періште қанатты өлең жүрген жақтан көргіміз келеді.

Мінбер